

ОҚЫЛЫМ. «СӘЛЕМДЕСУ»

Сәлемдесу — адамдар арасындағы қарым-қатынастың алғашқы және ең маңызды қадамы. Қазақ халқы ежелден сәлемді — ізеттілік пен тәрбиенің белгісі деп бағалаған. «Сәлем — сөздің анасы» деп бекер айтпаған, өйткені жылы шыраймен берілген сәлем — татулық пен достықтың бастауы. Сәлемдесу арқылы адам өзіне құрмет көрсетіп қана қоймай, өзгеге де сыйластық білдіреді. Әр халықтың өзіндік сәлемдесу дәстүрі болса да, оның мәні бір — жақсы қарым-қатынас орнату. Қазіргі заманда да сәлемдесу мәдениетін сақтау — әр адамның парызы. Ол тек сөз емес, ол — мәдениет, ол — құрмет, ол — адамгершілік.

Тапсырма: Мәтінді оқыңыз, мазмұнын өз ойыңызбен баяндаңыз.